

является защитником обездоленных. Сам Тукай до сих пор является символом защитника нации, татарского народа.

### Список использованной литературы

1. Заһидуллина Д. Шагыйрь ижатын өйрәнүгә яңача караш (Г.Тукай әсәрләрендә милләткә кагылышлы фәлсәфә) // Мәгариф.– 2006. –№ 6. – Б. 6-8.
2. Михаил Лермонтов. Стихи. – URL: [http://www.orator.ru/stihi\\_lermontov\\_k.html](http://www.orator.ru/stihi_lermontov_k.html); мөрәжәгать итү вакыты: 15.04.2020.
3. Некрасов Н. Полное собрание сочинений в 15 томах. Том 2: стихотворения 1855-1866. – Л.: Наука, 1981. – 447 с.
4. Степанов Е. Пророческие функции поэзии, или поэты-пророки. – М.: Вест-консалтинг, 2011. – 84 с.
5. Тукай Г. Стихотворения и поэмы / вступ. ст. Г.Халита. – Л.: Сов. писатель, 1988. – 432 с.
6. Фәйзуллин Р. Сайланма әсәрләр. Ике томда. 1 нче т.: шигырьләр, поэмалар, миниатюралар. – Казан: Татар. кит. нәшр., 2005. – 415 б.
7. Художественная литература. – URL: <https://azbyka.ru/fiction/prorok-pushkin-aleksandr/>; мөрәжәгать итү вакыты: 14.04.2020.
8. Шиллер. Стихотворение. – URL: <https://rupoem.ru/shiller/zevs-molvil-lyudyam.aspx>; мөрәжәгать итү вакыты: 14.04.2020.

ҒТАМР 17.01.07

### М.О.ӘУЕЗОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ (1802-1874)

#### ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

#### Р.Р.ЖҰМАҒАЛИЕВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы зар заман ағымының көрнекті өкілі, Шығыс Қазақстан өңірінде өмір сүрген ақын Дулат Бабатайұлының артында қалған шығармашылық мұрасының ғұлама ғалым, заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов зерттеулері мен көркем туындысындағы ғылыми негізі, талдануы қарастырылады. Кеңестік идеологияның қатаң қағидаларына қарамастан орыстың отаршылдық саясатына қарсы сарында шығармашылық тудырған Дулат Бабатайұлының әдеби мұрасы Мұхтар Әуезовтің ғылымдық, жазушылық назарынан тыс қалмағаны ғылыми тұрғыдан дәлелденеді.

**Кілт сөздер:** әдебиет, ақындық өнер, әдеби дәстүр, отаршылдық саясат, ғылыми таным, көркемдік шешім.

**Аннотация:** В статье рассматриваются литературное наследие выдающийся представителя казахской литературы XIX века, поэта Дулат Бабатайұлы в исследованиях и художественных произведениях великого ученого и знаменитого писателя М.Ауэзова.

**Ключевые слова:** литература, поэтическое искусство, колониальная политика, научное познание, художественный вывод.

**Annotation.** The article examines the literary legacy of the outstanding representative of the Kazakh literature of the XIX century, the poet Dulat Babatayuly in the research and artistic works of the great scientist and famous writer M. Auezov.

**Key words:** literature, poetic art, colonial policy, scientific knowledge, artistic output.

**Кіріспе.** Қоғамдық идеологияның құрығына тез ілінетін әдебиеттанудың саласы - әдебиет тарихы десек, қазақ әдебиетінің тарихы XX ғасырдың 20 жылдары ғана ғылыми негізде жасала бастады. Тұтас бір ұлттың әдебиетін дәуірге жіктеп, кезеңге бөлу немесе оның тарихын жазу терең талғам мен биік зердені, сондай-ақ сол ұлтқа деген шексіз сүйіспеншілікті талап ететін міндеті зор үлкен жауапкершілік екені белгілі.

М.О.Әуезов қазақтың әдебиетін, оның ішкі даму заңдылықтарын, көркемдік негіздері мен тарихи тамырларын тап басып пікір айта алған ғұлама ғалым еді. Қазақ халқының сөз өнері қашан туып, қалай дамыды, қай сөз зергері қаншалықты деңгейде әдебиетке өзіндік үлес қосты деген мәселеде академиктің мүлт кеткен жері болмады, ғылыми интуициясы ақиқатты болжады.

**Негізгі бөлім.** Әдебиеттің бір орында тұрмайтын рухани құбылыс екенін ғалым өз еңбегінде былай атап өткен: «Қай халықтың болса да әдебиеті экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдениеттік жағдайларының өзгеруіне байланысты өзгеріп тұрады» [1, 247-б.]. Сондай-ақ қазақ әдебиеті тарихының қаншалықты деңгейде ғылыми негізі қаланып қалыптасты деген мәселеге жауабы ретінде 1959 жылғы қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияның қорытынды сөзінде былай дейді: «Қазақ әдебиеті тарихы деген ғылым біздің барлық мәдениетіміз тәрізді жас ғылым. Осында отырған көбіміздің жас кезімізде бұл ғылым басталар-басталмас қалыпта еді. Революциядан бұрынғы кез-кезеңдерін алсақ, онда қазақ әдебиеті мұраларын әдебиет тану ғылымы жолымен зерттеу жұмысы мүлде басталған жоқ-ты. Бұрынғы еңбектердің бәрі де деректер, ескерткіштер атаулыны жинауға арналатын. Ал, міне, бүгін «Қазақ әдебиет тарихы» деген келелі, ұзақ сөрелі әдебиет тану ғылымы туғанын көреміз. Әуелі орта мектепке арнаулы сабақ болып кірген қазақ әдебиеті жөніндегі ілім-білім енді жоғары дәрежелі мектепте әр сала болып, бірнеше жылдар бойына созылған ғылымдық курстар ретінде оқытылатын, зерттелетін болды» [2, 363-б.]. Ғұлама ғалымның бұл сөзі қазақ

әдебиеті тарихы атты ғылым негізінен өз алдына қойған міндетін нақты атқарып келе жатқандығын дәлелдейді.

**Зерттеу әдістері.** Қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан сөз еткенде М.Әуезов XIX ғасыр әдебиетіне өз еңбектерінде кеңінен тоқталады. 1927 жылы шыққан тұңғыш оқулық «Әдебиет тарихында» да, 1933 жылы шыққан «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде» де аталған дәуір әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын жан-жақты талдайды. Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлының әдеби мұрасын ұлы Абайдың алдындағы қазақ поэзиясының көркемдік белес екеніне ерекше тоқталады. Осы аталған ғылыми еңбектерден XIX ғасыр әдебиетінің ең көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлының мұрасы жайлы жазылған ғылыми сөзді ұшырата алмадық. Ал XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы айтылған тұста халқына «Өксігінді ойласам, ұйқы беріп қайғы алам» деп үн қатқан Дулат ақынның әдеби шығармашылығы Абайдың өлең өнерінде үлгі алған мектебі еді. Бұл туралы академик Р.Сыздықова «Абай» энциклопедиясының Дулат Бабабайұлы деген тарауында өз ойын былайша тұжырымдайды: «Дулат – Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға біртабан жақын келген, Европа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп аталатын өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын. ...Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Дулат деп айтуға әбден болады. ...Дулат – Абайдың алдында өткен қазақ сөз зергерлерінің ішіндегі ең мықтысы. Дулатты ауызша тарап келген ақын-жыраулар тілі мен Абай бастаған жазба әдеби тілді жалғастырған көпір деп тану қажет» [3, 215-6.]. Ендеше М.О.Әуезов неге өз еңбектерінде Дулат ақын мұрасы туралы бірде-бір сөз айтпаған деген сауалға біз былай жауап беруге тырыстық. Ғұлама ғалым М.Әуезовтің қазақ руханиятындағы тағы бір қыры оның заңғар жазушылығы. Ғылым мен жазушылық ұлы тұлғаның қос қанатындай. Екеуі бірінен-бірі ажыратуға келмейтін ерекше құбылыстар. Ендеше, ғылымда заман талабына сәйкес айта алмаған кейбір қазақ сөз зергерлерінің әдеби еңбегін ғалым өзінің көркем мұрасында өлместей етіп жасап кетті. Қызыл империяның қылышынан қан тамған кезеңінде Дулат ақынның Абайға үлгі болған тұстарын біле тұра идеологияның күштілігінен айта алмады. Бірақ әлемге әйгілі туындысы «Абай жолы» роман-эпопеясында сол үнсіздіктің орнын көркемдік суреттерді ең қанық бояулармен сомдау арқылы екі еселеп толтырды.

**Нәтижелер.** Мына дүниедегі ұлылықтың қай-қайсысы да ұстаздан тәлім алады. Біреудің алдына отырып сабақ тыңдау деген мәселені айтып отырған жоқпыз. Өзіне дейінгі жасалған құбылыстан қажеттісін бойына сіңіре алу туралы сөз етудеміз. Ұлы Абайдың М.О.Әуезов көрсеткен үш қайнар бұлағы бар екені белгілі. Ел әдебиеті, шығыс әдебиеті,

батыс әдебиеті. Атап өткен ел әдебиеті ұлы ақынға ерекше әсер етті, сондай-ақ ел ақындарының өнегелі сөздеріне де құлақ түрді. Сонда Дулат Бабатайұлының ел мұңын толғайтын жырларынан қуат алды. Бұны біз роман-эпопеяның «Қайтқанда» тарауының соңғы эпизодтарынан көреміз. Қодар мен Қамқаның жан түршігерлік өлімінен өзіне келе алмаған бала Абай сырқаттанып қалады. Сондай күндердің бірінде Ұлжан мен Зере отырған үйге екі қонақ келеді. Біреуі егде тартқан – Барлас, екіншісі – жастау келген Байкөкше. Қонақтар әңгіме айтып, батырлар жырын жатқа соғып, күй шертіп ауыл адамдарының рухани сұранысын қанағаттандырады. Эпопеядан үзінді келтірсек: «Барлас біреуді мақтап, біреуден сұрап жырлайтын ақын емес. Абай мен шешелерінің кешкі уақытта тыңдаған жырларының көбі: Барластың өзі сүйген құлақ күйі сияқты термелер болады. Мұндай кезде Барлас Абайға күндізгі Барластан тіпті басқа боп көрінеді. Қызықты, қыздырманы ғана айтатын күлкіші, сауықшыл Барлас емес. Кешкі кездерде, ол бір үлкен өсиетші кейде шерлі қарт сияқтанады. Сондай-сондай кездерде өзінің де ішін ашып:

Құлағың сал жырыма,  
Ойлана қара сырыма.  
Шат-шадыман емеспін,  
Құр құландай жортқанмен,  
Құбылтып күй тартқанмен,

Қайғыдан, Барлас, құры ма?!- деп, өз жайын термелеп кетеді» [4, 43-б.]. Келтірілген үзіндіден Барлас ақынның заманға көңілі толмайтынын, заман билеген адамның пасық қылықтарына іші жылымайтынын аңғарамыз. Барлас – Дулат Бабатайұлының роман-эпопеядағы прототипі. М.О.Әуезов «Абай» романының қолжазбасында Барласты Дулат деп тура атаған. Бірақ кейін басылымға бергенде ақынға Барлас есімін тағайындаған. Бұл туралы деректі біз «Абай жолы» роман-эпопеясының 1989 жылғы басылымын әзірлеген Т.Әкімовтің ғылыми түсініктерінен білеміз: «Әр кез, әр уақытта адам аттарына да өзгерістер енгізеді. Қолжазбадағы Қашқынбай, Шәкәрімдер басылымдардың барлығында да Қамысбай, Шұбар болып жазылды. Дулат – Барлас, Сабырбай – Қадырбай, Жанак – Садақ, Түбек – Шүмек, Әйгөрім - Әйгерім, Көрімбала – Керімбала болып кейінірек өзгертілді» дейді [4, 593-б.]. Сондай-ақ Барлас кетерінде бала Абайға қатты риза болып қолындағы домбырасын сыйлап тұрып:

«Шырағым, ер жетерсің,  
Ер жетсең сірә не етерсің,  
Алысқа шырқап кетерсің,  
Шындасаң шыңға жетерсің», - дейді [4, 44-б.].

Бұл көріністе қазақ ұғымы үшін үлкен мән жатыр. Барлас-Дулат ақын поэзияның киелі символы – домбыраны Абайға ұстатқаны өзінен кейінгі өлең жүгін сен көтересің деген мағынаға келіп саяды. Ұлы Абайдың өлеңдегі ұстазы, сөз жоқ, Дулат ақын деп біз еш талассыз айта аламыз.

**Талқылау.** Бірақ Абайдың өзіне дейінгі қазақ поэзиясын сынаған мына шумағы біздің бұл ойымызға тойтарыс береді:

«Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Сөзінің бірі – жамау, бірі – құрау.  
Өттең дүние, сөз таныр кісі болса  
Кемшілігі әр жерде көрініп тұр-ау» [5, 16-б.].

Неге? Өйткені: Дулат ақынның алғашқы өлеңдер жинағы 1880 жылы Қазан қаласынан «Өсиетанама» деген атпен жарыққа шықты. Ақынның өлеңдерін баспаға әзірлеген – қиссашыл діндар ақын Мәулеки Сейітұлы Юманчиков. Бұл жинақтың авторы Дулат Бабатайұлы болғанмен, оның ішіндегі өлеңдердің барлығы ақын шығармашылығынан алынбағанын ғалымдар дәлелді. Жалпы Дулат өлеңдерін текстологиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеген ғалым – Құлмат Өмірәлиев. «Өсиетнаманы» қатты сынаған зерттеуші ақынның өлеңдерін қайтадан жинақтап, жүйелеп 1991 жылы «Замана сазы» деген атпен жарыққа шығарды. Бұл дулаттануда жасалған үлкен еңбек екеніне еш дау жоқ. Сондай-ақ Қ.Өмірәлиев 1993 жылы «Қазақстан» баспасынан «Абай афоризмі» атты еңбекті өмірге әкелді. Сол еңбекке белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахметовтің «Екі күймек бір жанға әділет пе?» атты ғылыми толғамы жарияланған. Бұл мақалада ғалым Қ.Өмірәлиевтің Дулат ақын мұрасын жариялаудағы ғылыми танымының тереңдігін айта келіп жоғарыда келтірілген Абайдың сыни өлеңінің туу тарихына өз ғылыми болжамын айтады. Зерттеушінің ойынша Абайдың қолына Дулаттың сол 1880 жылы Қазан қаласынан басылып шыққан нұсқасы тиген сияқты. Ал ол басылымда Дулат жырларымен қатар өзге ақындардың діни сарындағы өлеңдері еніп кеткенге ұқсайды деген пікірін келтіреді: «Дулат өлеңіне де өткір сыншыл пікір білдіргенде сүйенген дәлелі Мәулеки қолынан шыққан «Өсиетнамадағы» Дулат атынан күреп-жамап берілген өлең табиғатын айтып отыр емес пе екен деген ой маза бермейді» дейді [6,118-б.]. Бұл ғылыми пікірді біз де қостаймыз, өйткені поэзияның киелі домбырасын ақ батасымен сыйға тартқан Дулат ақынды Абайдың бұлайша сынауына қандай да бір себептің болғандығы белгілі.

**Тұжырым.** Қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін, тарихи негізін өте жақсы білген М.О.Әуезов өз роман-эпопеясында тектен-текке Барлас-Дулат ақынды ұлы Абайға ұстаз етпейді. Оның астарында терең әдеби-тарихи таным, жазушылық-ғалымдық түйсік жатыр. Ғылыми негізде айта алмаған өз ой-тұжырымдарын көркем шығармада биік пафоспен

көрсете алған. Эпопеяның өн-бойында болашақ ұлы ақынның қалыптасуына көптеген қазақ ақындары өз ықпалдарын тигізеді, бірақ солардың ішінде жалғыз Барлас қана бала Абайға келер күннің өсиетін айтып кетеді. Сондықтан да әдебиет тарихындағы Дулат Бабатайұлының орны Абайдың алдындағы қазақ поэзиясының қол жетпес биік асуы, асқар белі деуге толық негіз бар деп санаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әуезов М.О. 50 томдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы, 2002ж. – 504 б.
2. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961ж. – 374 б.
3. Абай. Энциклопедия. Алматы, 1995ж. – 719 б.
4. Әуезов М.О. Абай жолы. Алматы, 1989ж. – 596 б.
5. Абай. Қалың елім, қазағым. Алматы, 2002ж. – 149 б.
6. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. Алматы, 1993ж. – 128 б.

### **SRSTI 14.85.09**

### **SKYPE AS AN EFFECTIVE FORM OF DISTANCE LEARNING**

**V.S.ZUBKOV, G.K.SHAKUOVA**

*M. Utemisov West Kazakhstan State University, Uralsk, Kazakhstan*

**Аңдатпа.** Бұл мақала әлеуметтік желілер арқылы шет тілін қашықтықтан оқытуға арналған. Skype шетел тілін үйренуге ынталандыруды арттырудың тиімді құралы ретінде әрекет етеді. Қашықтықтан оқыту ұғымының қысқаша тарихы берілген, мақалада Skype арқылы оқытудың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылады. Бұл зерттеудің негізгі міндеттері ағылшын тілін үйренушілердің сөйлеу дағдыларын ынталандыруда Skype пайдалану тиімділігін анықтау, сондай-ақ ағылшын тілін оқытудың дәстүрлі әдістерімен Skype EFL базасында білім алушыларды салыстыру болды. Бұл зерттеудің нәтижелері Skype-ны пайдалану оқушылардың EFL сөйлеу дағдыларын дамытатынын көрсетті және оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін skype пайдалану арқылы өз сөйлеу дағдыларын жақсартуға ынталандырады.

**Тірек сөздер:** қашықтықтан оқыту, Skype, ағылшын тілін үйрену

**Аннотация.** Данная статья посвящена дистанционному обучению иностранному языку при помощи социальных сетей. Skype выступает при этом как эффективный инструмент повышения мотивации к изучению иностранного языка. Приводится краткая история понятия дистанционного обучения, в статье рассматриваются основные преимущества и недостатки эффективности обучения с помощью Skype. Основными задачами данного исследования были определение эффективности использования Skype в мотивации речевых навыков обучающихся английскому языку, а также сравнение обучающихся на базе Skype EFL с традиционными методами преподавания английского. Результаты этого исследования показали, что использование Skype